

АгроОнеркәсіптік кешен қызметкерлерін көтермелеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 213 бүйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 6 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6213 болып енгізілді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 33) тармақшасына сәйкес, агроОнеркәсіптік кешен қызметкерлерін және агроОнеркәсіптік кешен кесіпорындары мен ұйымдарының еңбек ұжымдарын көтермелеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің көтермелеу жүйесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Әкімшілік қамтамасыз ету департаменті (Керімбек А. Ж.) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Құрішбаев

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 31 наурыздағы
№ 213 бүйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің салалық көтермелеге жүйесі (бұдан әрі - Көтермелеге жүйесі) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 33) тармақшасы негізінде, агроОнеркәсіптік кешен қызметкерлерін (бұдан әрі - қызметкерлер) және агроОнеркәсіптік кешен кәсіпорындары мен ұйымдарының еңбек ұжымдарын (бұдан әрі - еңбек ұжымдары) көтермелеге мақсатында әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Үздік қызметкерлер және еңбек ұжымдары:

- 1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен;
- 2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Алғысымен көтермеленеді.

3. Ескерту. 3-тармақ алғыншылдауды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 12-1/491 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Көтермелеге қызметкерлерді және еңбек ұжымдарын іріктеу өлшемдері мыналар болып табылады:

- 1) агроОнеркәсіптік кешенді дамытуға елеулі үлес қосу;
- 2) өндіріске аграрлық ғылымның жетістіктерін енгізу, аса құнды өнер табыстарының болуы;
- 3) лауазымдық міндеттерді адал, үлгілі орындау, сондай-ақ, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау;
- 4) кәсіби қызметте жоғары жетістіктерге жету, мемлекеттік басқарудың жаңа үдемелі әдістерін енгізу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 12-1/491 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Қызметкерлерді және еңбек үжымдарын көтермелеу мереке күндерге: Қазақстан Республикасының Конституция күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, Ауыл шаруашылығы қызметкері күніне және қызметкерлердің мерейтой күндеріне орайластырылуы мүмкін.

2. Министрліктің Құрмет грамотасы

6. Министрліктің Құрмет грамотасымен адал жұмысы, кәсіби шеберлігі, саланың алдына қойылған міндеттерді орындауға қосқан жеке үлесі үшін қызметкерлер, сондай-ақ жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін еңбек үжымдары марапатталады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 12-1/491 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7. Министрліктің Құрмет грамотасымен марапаттау туралы шешімді Министрліктің, оның ведомстволарының және аумақтық органдарының құрылымдық бөлімше басшыларының, жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі (бұдан әрі – Министр) қабылдайды.

Министрліктің Құрмет грамотасымен марапаттау үшін келесі мерейтой күндері белгіленеді: қызметкерлер үшін 50 және 60 жас, ал еңбек үжымдары үшін 20 жыл және ары қарай әр он жыл сайын.

8. Министрліктің Құрмет грамотасына Министр қол қояды.

3. Министрдің Алғысы

9. Қызметкерлер мен еңбек үжымдарына:

- 1) аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін;
- 2) Министрліктің атаулы тапсырмаларын тиісті деңгейде және адал орындағаны үшін;
- 3) өндіріске аграрлық ғылымның жетістіктерін енгізгені, аса құнды өнертabyстары үшін Министрдің атынан Алғыс жарияланады.

10. Алғыстың ресми мәтініне Министр қол қояды.

4. Министрліктің Құрмет грамотасымен және

Министрдің Алғысымен марапаттау

11. Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсынылатын қызметкерлерге нақты сіңірген еңбегін көрсете отырып, осы Көтермелеу жүйесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша агронеркәсіптік кешен қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсыныс ресімделеді.

Еңбек ұжымдарын марапаттау кезінде осы Көтермелеге жүйесіне 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша агроОнеркәсіптік кешен агроОнеркәсіптік кешен кәсіпорындары мен ұйымдарының еңбек ұжымдарын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсыныс ресімделеді.

Ескеरту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Министрдің алғысын жариялау үшін Министрлікке қызметкерлердің немесе еңбек ұжымдарының нақты еңбектерін сипаттай отырып, еркін нысанда қолдау хат жолданады.

13. Министрліктің қарамағындағы, сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдар қарамағындағы ұйымдар Министрлікке бірінші басшысының қолымен марапаттау туралы ұсыныс және қолдау хат жібереді.

14. Меншік нысанына қарамастан агроОнеркәсіптік кешен ұйымдары, агроОнеркәсіптік кешен саласында қызмет ететін жеке тұлғалар агроОнеркәсіптік кешен саласындағы жергілікті атқарушы органдарға марапаттау туралы ұсыныс және қолдау хат береді, олар облыс әкімдерінің қолымен Министрлікке жіберіледі.

15. Марапаттау туралы ұсыныстар мен қолдау хаттар Министрлікке мерекелік, мерейтой күндеріне дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жолданады.

16. Құрмет грамотасымен марапаттау және Алғыс жариялау Министрдің бұйрығымен жүргізіледі.

17. Министрліктің құрмет грамотасын тапсыру және Алғыс жариялау мерекелік жағдайда Министрлікте немесе марапатталатын қызметкер жұмыс істейтін еңбек жүзеге асырылады.

18. Қызметкерлерді және еңбек ұжымдарын көтермеледің барлық түрлерінің есебін Министрліктің кадр қызметі жүзеге асырады.

19. Министрліктің Құрмет грамотасын және Министрдің Алғысын жоғалтып алған жағдайда, олардың телнұсқасы берілмейді.

5. Қорытынды ережелер

20. Министрліктің Құрмет грамотасымен марапаттауға және Министрдің Алғысын жариялауға тәртіптік жазаға тартылған тұлғалар жатпайды.

21. Ескеरту. 21-тармақ алғынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 12-1/491 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышындағы тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Нысан

**АгроОнеркәсіптік кешен қызметкерлерін Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапаттауға
ҰСЫНЫС**

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Түрлігін күні _____
3. Білімі _____

(ЖОО-ның атауы және бітірген күні)

4. Жұмыс орны, атқарып отырған қызметі _____
5. Жалпы еңбек өтілі, саладағы еңбек өтілі, аталған еңбек ұжымындағы еңбек өтілі

6. Тәртіптік жазаға тартылған ба? _____

(қашан тартылған)

7. Мінездеме _____
(нақты еңбектерін көрсете отырып)

Басшының қолы

М.О.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің салалық көтермелелу жүйесіне 2-
косымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышындағы тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Нысан

**АгроОнеркәсіптік кешенің кәсіпорындары мен ұйымдарының еңбек
ұйымдарын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Құрмет грамотасымен марапаттауға
ҰСЫНЫС**

1. Кәсіпорынның немесе ұйымның толық атауы _____

2. Аталған кәсіпорынның немесе ұйымның құрылған күні _____

3. Кәсіпорында жұмыс істейтіндердің саны _____

4. Кәсіпорынның немесе ұйымның соңғы 5 жылдағы негізгі көрсеткіштері

Басшының қолы

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК